**Рубе Варвара** — химия магистрі, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Химия және химиялық технологиялар» кафедрасы, Петропавл, Қазақстан,

E-mail: rube\_va@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1420-0532>.

**Аннотация.** Соңғы жылдары экологиялық қауіпсіз, биосәйкестігі жоғары және жаңартылатын шикізатқа негізделген материалдарды әзірлеу биомедицина мен

материалтану салаларындағы өзекті ғылыми бағыттардың біріне айналды. Әсіресе ауылшаруашылық қалдықтарын қайта өңдеу арқылы қосымша құндылығы бар өнімдер алу тұрақты даму тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Осы тұрғыда целлюлозаға бай, қолжетімді және жаңартылатын табиғи ресурс болып табылатын зығыр сабағы экологиялық таза биоматериалдар алу үшін перспективалы шикізат ретінде қарастырылады. Бұл зерттеудің мақсаты – зығыр сабағынан алынған целлюлоза негізінде биологиялық жабындарды синтездеу және олардың құрылымдық, функционалдық әрі биомедициналық қасиеттерін кешенді түрде бағалау. Зерттеу әдістері ретінде целлюлозаны экстракциялау, оны хитозан, натрий альгинаты және глицерин сияқты табиғи полимерлермен композициялау қолданылды. Алынған биожабындардың физика-механикалық қасиеттері, гидрофильділігі және функционалдық сипаттамалары зерттелді. Биологиялық белсенділікті арттыру мақсатында композиция құрамына куркумин енгізілді. Зерттеу нәтижесінде жоғары механикалық беріктікке, жақсы гидрофильділікке, биосәйкестікке және айқын антимикробтық белсенділікке ие биологиялық жабындар алынды. Хитозан мен куркуминнің синергетикалық әсері алынған материалдардың бактерияға қарсы қасиеттерін күшейтетінін көрсетті. Зерттеудің практикалық маңызы синтезделген биожабындардың жара таңатын материалдар, тері регенерациясына арналған жабындар және тін инженериясы саласында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Бұл нәтижелер алынған материалдардың медициналық қауіпсіздігін арттыруға, функционалдық тұрақтылығын жақсартуға және болашақта клиникалық қолданбаларға бейімдеуге ғылыми негіз қалыптастырады. Сонымен қатар зерттеу экологиялық таза биоматериалдар өндірісін дамытуға және ауылшаруашылық қалдықтарын тиімді пайдалануға бағытталған практикалық ұсынымдар беруге мүмкіндік береді болашақта маңызды.

**Түйін сөздер:** зығыр сабағы, целлюлоза, хитозан, биоыдырау, биожабын

©А.С. Дарменбаева<sup>1\*</sup>, Г.М. Жусипназарова<sup>1</sup>, R. Rajasekharan<sup>2</sup>,  
Ж.Б. Мукажанова<sup>3</sup>, В.А. Рубе<sup>4</sup>, 2025.

<sup>1</sup> Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан;

<sup>2</sup> Инженерный колледж Провиденса, Керала, Индия;

<sup>3</sup> Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Казахстан;

<sup>4</sup> Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,  
Петропавловск, Казахстан.

E-mail: maral88.ad@gmail.com

## БИОПОКРЫТИЯ НА ОСНОВЕ ЦЕЛЛЮЛОЗЫ ИЗ СТЕБЛЯ ЛЬНА И ИХ СВОЙСТВА

Дарменбаева Акмарал — PhD по химии, ассоциированный профессор кафедры химии и химической технологии Таразского университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,



E-mail: maral88.ad@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2974-0398>;

**Жусиппазарова Газиза** — Докторант Таразского университета им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,  
E-mail: jgm.092016@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5175-5169>;

**Rajasekharan Reshmy** — PhD по химии, ассоциированный профессор кафедры естественных и гуманитарных наук Инженерного колледжа Провиденса, Индия,

E-mail: reshmykumar@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2091-0135>;

**Мукажанова Жазира** — PhD, Высшая школа информационных технологий и естественных наук, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,

E-mail: mukazhanovazhb@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4635-8000>;

**Рубе Варвара** — магистр химии Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан,

E-mail: rube\_va@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1420-0532>.

**Аннотация.** В последние годы разработка экологически безопасных, высокобиосовместимых и возобновляемых материалов на основе сырья стала одним из наиболее актуальных научных направлений в области биомедицины и материаловедения. В частности, получение продуктов с добавленной стоимостью путем переработки сельскохозяйственных отходов тесно связано с концепцией устойчивого развития. В этом контексте стебли льна, являющиеся богатым целлюлозой, доступным и возобновляемым природным ресурсом, рассматриваются как перспективное сырье для получения экологически чистых биоматериалов. Цель данного исследования — синтез биологических покрытий на основе целлюлозы, полученной из стеблей льна, и всесторонняя оценка их структурных, функциональных и биомедицинских свойств. Методы исследования включали экстракцию целлюлозы, ее композиция с природными полимерами, такими как хитозан, альгинат натрия и глицерин. Были изучены физико-механические свойства, гидрофильность и функциональные характеристики полученных биопокрытий. Для повышения биологической активности в состав был введен куркумин. В результате исследования были получены биологические покрытия с высокой механической прочностью, хорошей гидрофильностью, биосовместимостью и выраженной антимикробной активностью. Было показано, что синергетический эффект хитозана и куркумина усиливает антибактериальные свойства полученных материалов. Практическая значимость исследования определяется возможностью использования синтезированных био пленок в области перевязочных материалов для ран, покрытий для регенерации кожи и тканевой инженерии. Эти результаты формируют научную основу для повышения медицинской безопасности полученных материалов, улучшения их функциональной стабильности и адаптации к клиническому применению в будущем. Кроме того, исследование позволяет дать практические рекомендации, направленные на развитие производства экологически чистых биоматериалов и эффективного использования сельскохозяйственных отходов, что важно в будущем.

**Ключевые слова:** стебель льна, целлюлоза, хитозан, биodeградация, биопокрытие

**Кіріспе.** Қазіргі таңда қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, биологиялық ыдырайтын материалдарға деген сұраныс артып келеді. Пластикалық қалдықтардың ұзақ уақыт ыдырамайтындығы және экожүйеге келтіретін зияны ғалымдарды жаңа, экологиялық балама іздеуге итермелеуде (Geyer et al., 2017). Бұл тұрғыда целлюлоза мен хитозан негізіндегі биопластиктер келешегі зор материалдардың қатарына жатады (Abdul Khalil et al., 2012).

Целлюлоза — өсімдіктер құрамындағы ең кең таралған полисахарид, ал хитозан — шаянтәрізділердің хитинінен алынатын табиғи полимер (Rinaudo, 2006). Бұл екі биополимердің ұштасуы арқылы алынған материалдар жоғары механикалық беріктікке, су ұстау қабілетіне және экологиялық қауіпсіздікке ие. Сонымен қатар, олардың беткі модификациясы немесе құрамына функционалды қоспалар қосу арқылы биомедициналық қасиеттерін жақсартуға болады (Ahmed et al., 2015; Kumar & Han, 2019).

Зерттеу жұмысы аясында целлюлоза зығыр мен арпа өсімдіктерінен лабораториялық жағдайда сілтілеу, қышқылдық өңдеу және ағарту әдістері арқылы бөлініп алынды. Бұл тәсілдер лигнин мен гемицеллюлозадан тиімді арылуға мүмкіндік беріп, таза целлюлоза алуға жағдай жасайды (Reshmy et al., 2015). Алынған целлюлоза хитозанмен біріктіріліп, әртүрлі пластификаторлар қосу арқылы биопласт үлгілері синтезделді (Ghanbarzadeh et al., 2015).

Бұл биопластик материал жараларды таңу, тін регенерациясын жылдамдату, бактерияға қарсы таңғыштар жасау сияқты биомедициналық мақсаттарға бағытталған (Dutta et al., 2004; Li et al., 2018). Оның құрамына табиғи антибактериалды агент ретінде куркумин қосылады. Куркумин – куркума өсімдігінен алынатын табиғи қосылыс, ол кең спектрлі антимиқробтық әсерімен ерекшеленеді (Hewlings & Kalman, 2017).


Осылайша, хитозан мен целлюлоза негізіндегі биопласт өндіру – экологиялық және биомедициналық тұрғыдан маңызды бағыт болып табылады. Бұл зерттеу нәтижелері биоматериалдарды клиникалық мақсатта қолдануға жол ашуы мүмкін (Avérous & Pollet, 2012).

**Материалдар мен әдістер.** *Зығыр мен арпа сабағынан целлюлоза алу әдісі.* Зертханалық жағдайда өсімдік шикізатынан целлюлоза өндіру үдерісі әдетте үш негізгі кезеңнен тұрады: сілтілік өңдеу, қышқылдық тазарту және ағарту. Алғашқы сатыда лигнин мен гемицеллюлозаны бөліп алу үшін 2% натрий гидроксиді (NaOH) ерітіндісі қолданылады. Бұл өңдеу 120°C температурада, 20 бар қысымда автоклав ішінде шамамен 40 минут жүргізіледі (Reshmy et al., 2015). Одан кейінгі қышқылдық тазарту кезеңінде 20% азот қышқылы (HNO<sub>3</sub>), 45% сірке қышқылы (CH<sub>3</sub>COOH) және дистилденген судан тұратын 2:2:1 қатынасындағы қоспа пайдаланылады. Мұндай қоспа целлюлозадағы лигнин мен гемицеллюлозаның қалдықтарын толық тазартуға мүмкіндік береді. Соңғы кезеңде алынған целлюлоза 1% ағартқыш ерітіндімен өңделіп, магниттік араластырғышта 5 сағат бойы үздіксіз араластырылып ағартылады.

*Биологиялық жабындарды әзірлеу.* Биологиялық жабындар целлюлозаны хитозан және полиэтиленгликольмен (ПЭГ) біріктіру арқылы синтезделеді.

Хитозан жабынның антимикробтық белсенділігін күшейтіп, оның механикалық беріктігін жақсартады (Kumar et al., 2019). Ал ПЭГ материалдың икемділігін арттырып, жара бетіне жақсы жабысып, біркелкі орналасуын қамтамасыз етеді (Li et al., 2018). Целлюлоза, хитозан және ПЭГ биосәйкестілігі жоғары табиғи компоненттер болып саналады және адам ағзасында иммундық реакция тудырмайды (Rinaudo, 2006). Сонымен қатар, хитозан бактериялар мен зандердің өсуін тиімді тежейтін биологиялық белсенді полимер ретінде белгілі (Ghanbarzadeh et al., 2015). Осындай табиғи полимерлерге негізделген жабындар 30–60 күн ішінде толық биодеградацияға ұшырап, қоршаған ортаға зиян келтірмейді (Avérous & Pollet, 2012).

**Нәтиже мен талқылау.** *Биопластиктердің ылғалды сіңіру қабілеті.* Зығыр сабағынан алынған целлюлоза негізіндегі биопластикалық үлгінің сыртқы көрінісі 1-суретте келтірілген.




Сурет 1. Зығыр сабағынан алынған целлюлозадан синтезделген биопласт үлгісі.

Зығыр сабағынан алынған целлюлоза негізіндегі биопласт үлгісі сырт көзге біртекті, куркумаға тән сары-қызылт реңкті материал түрінде байқалады. Куркуминнің қосылуына байланысты үлгінің түсі қанық әрі тұрақты. Беткі қабаты жылтыр, тегіс және тығыз, құрылымы біркелкі. Мұндай сыртқы көрініс целлюлозаның жоғары тазалық деңгейі мен биополимер компоненттерінің біртекті таралуын көрсетеді.

Целлюлоза мен хитозан негізіндегі биопластиктердің ісіну қабілеті олардың құрылымына, қолданылған шикізат көзіне және қосылған пластификатор түріне байланысты өзгереді. Бұл қасиет биопластиктердің жара таңу материалдары ретінде қолданылуы үшін маңызды, себебі жара аймағындағы ылғалды сақтау мен реттеу процестеріне әсер етеді.

Осы зерттеуде біз зығыр талшығынан (FC) алынған целлюлозадан жасалған биопластиктердің ісіну деңгейін 3, 6, 12, 24, 48 және 72 сағат аралығында зерттелді. Әртүрлі модификацияланған үлгілердің — таза целлюлоза-хитозаннан тұратын (FC), сонымен қатар натрий альгинаты (FCSA,) және куркума қосылған (FCSA-C3,) үлгілердің — суды сіңіру қабілеттері салыстырылды (Сурет 2).



Сурет 2. Биожабынды үлгілердің ылғалды сіңіру пайыздық көрсеткіші.

Суреттен көріп отырғанымыздай, FC (бастапқы зығыр целлюлозасы) үлгілердің ішіндегі ең ылғал сіңіру қабілеті жоғары, өйткені құрамында тек табиғи целлюлоза бар, ол – гидрофильді материал. Бірақ, құрылымы өзгермегендіктен, суды ұстап тұру қабілеті шектеулі.


FCSA (1% хитозан) үлгісінің ылғалды тапқытлығы салыстырмалы түрде үлгілердің ішіндегі ең төмені. Бұның себебі, хитозан жартылай катионды полисахарид, ол су сіңіру қабілетін аздап шектейді. Бұл үлгіде ылғал сіңіру FC-мен салыстырғанда төмендеуі мүмкін, себебі хитозан матрицаны тығыздық етеді. Ал, натрий альгинаты – гидрофильді, глицерин – пластификатор, ылғалды ұстап тұруға көмектеседі.

FCSA-C3 (3% хитозан) үлгісінің ылғалды салыстырмалы түрде FCSA үлгісінен көп болуы, екі себебі болуы мүмкін. Біріншісі, хитозан концентрациясының артуы суды тарту қабілетін күшейтуі. Хитозан молекуласында амин топтары ( $-NH_2$ ) бар, олар сумен сутектік байланыстар түзе алады. 3% хитозан – бұл 1%-ға қарағанда көбірек гидрофильді функционалды топтардың болуымен түсіндіріледі. Нәтижесінде суды тарту қабілеті күшейіп, FCSA-C3 көбірек ылғал сіңіргенін графиктен байқауға болады. Екінші себебі, ол тор құрылымының өзгеруі. Кей жағдайларда, хитозанның артуы материалды тығыздаудың орнына кеуектілікті арттыруы мүмкін. Бұл жағдайда су үлгінің ішіне жеңіл еніп, сіңірілу жылдамдығы мен көлемі ұлғаяды.

Осылайша, ылғал сіңіру қабілетіндегі айырмашылықтар материал құрамындағы полимерлердің қасиеттерімен түсіндіріледі. Таза целлюлоза ең жоғары мән көрсетті. 1% хитозан қосылған үлгідегі тығыз матрица судың өтуін шектеп, көрсеткішті төмендетті. Ал 3% хитозан үлгісінде гидрофильді топтардың көбеюі және құрылымның өзгеруі нәтижесінде ылғал тарту артқаны байқалды. Бұл хитозан мөлшерін өзгерту арқылы биоматериалдың суға қатысты қасиеттерін тиімді реттеуге болатынын көрсетеді.

*Биомедициналық зерттеу: үлгінің жара жазуға әсерін in vivo бағалау. Зығыр*

талшығынан алынған целлюлоза мен хитозан негізінде синтезделген биопласт үлгісінің жара жазу тиімділігін бағалау мақсатында Pushpagiri Research Institute (Керала, Үндістан) базасында зертханалық жануарларға тәжірибелік зерттеу жүргізілді. Биоматериалдың биологиялық қауіпсіздігін, қабыну реакциясына әсерін және тіндердің қалпына келу жылдамдығын анықтау үшін модель ретінде *Mus musculus* зертханалық тышқандары қолданылды (Сурет 3).



Сурет 3. Биопласт үлгісі көмегімен зертханалық тышқандарының (*Mus musculus*) тері жарасын емдеуге жүргізілген тәжірибе нәтижелері.

Жануарларға тәжірибе басталғанға дейін барлық ветеринарлық талаптарға сәйкес жағдай жасалды. Әрбір тышқанның арқа аймағы қырқылып, антисептикпен өңделгеннен кейін  $1 \times 1$  см көлемінде стандартталған тері жарасы жасалды. Бұл тәсіл биоматериалдың жара бетімен тікелей әрекеттесуін, жасушалық жауаптың ерекшеліктерін және регенерация динамикасын нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Тәжірибе тобына енгізілген FCSA-C3 үлгісі зығыр целлюлозасы, хитозан, натрий альгинаты және куркуминнен тұратын биокомпозициялық пленка ретінде жараға тікелей таңылды. Хитозанның антимикробтық белсенділігі, натрий альгинатының гидрогель түзуші қасиеттері және куркуминнің табиғи қабынуға қарсы әсері материалдың жара жазу процесін жеделдетуге ықпал етеді деп болжанды.

Бақылау тобында жара беті ашық қалдырылды немесе дәстүрлі стерильді дәке таңғышымен өңделді. Бұл биопласттың тиімділігін стандартты әдістермен салыстыруға мүмкіндік берді. Емдеу кезеңі 7 күнге созылды, осы уақыт ішінде күнделікті визуалды бақылау жүргізіліп, жараның беткі аумағы, қабыну дәрежесі, экссудат мөлшері және грануляциялық тіннің қалыптасуы тіркелді.

Алғашқы күндері FCSA-C3 биоматериалы салынған жараларда қабыну белгілерінің төмен болуы, экссудацияның азаюы және тіндердің ерте грануляциялануы байқалды. Бұл әсер хитозан мен куркуминнің табиғи биологиялық белсенділігімен, сондай-ақ альгинаттың ылғалды ұстап тұратын қасиетімен түсіндіріледі. Бақылау тобындағы жануарларда жараның беті салыстырмалы түрде баяу тартылып, қабыну құбылыстары айқын көрінді.

Тәжірибе барысында зығыр целлюлозасы негізінде дайындалған биопласттың жара жазу процесіне әсері 3-, 5- және 7-күндері бақылауға алынды. Зерттеу нәтижелері материалдың қабынуды төмендетуге және тіндердің қалпына келуін жеделдетуге айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті.

Тәжірибенің 3-күні биопластпен таңылған жараларда қабыну деңгейінің айтарлықтай төмендегені байқалды. Тері бетіндегі қызару мен ісіну бақылау тобымен салыстырғанда әлдеқайда әлсіз болды, бұл материалдың алғашқы күннен бастап қабынуға қарсы әсер көрсететінін дәлелдеді. Мұндай әсер, ең алдымен, биопласт құрамындағы куркуминнің табиғи антибактериалды және қабынуды басатын қасиеттерімен байланысты.

5-күні жара бетінде эпителизация процесінің басталғаны анық көрінді. Жаңа тері жасушаларының түзілуі, тіндердің тығыздануы және грануляцияның қалыптасуы FCSA-C3 биопластымен өңделген үлгілерде бақылау тобынан жылдам жүрді. Бұл кезеңде хитозан мен натрий альгинатының рөлі ерекше байқалды, өйткені олар жарада ылғалдың тұрақты сақталуына жағдай жасап, жасушалардың миграциясы мен бөлінуін жеделдетті.

7-күні биопластпен таңылған жараларда тіндердің қалпына келуінің айқынырақ жүретіні анықталды. Жараның жиектері тарылып, беткі қабаты біркелкі жабыла бастады, ал бақылау тобында жазылу процесі баяу жүріп, қабыну белгілері толық басылмаған күйде қалды. Бұл айырмашылық биоматериалдың биосәйкестігін, жергілікті иммундық реакция тудырмайтынын және регенерацияға қолайлы микрожүйе қалыптастыратынын көрсетті.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері зығыр целлюлозасы, хитозан, натрий альгинаты және куркумин негізінде алынған биопласттың жара жазу процесін айтарлықтай жылдамдататынын, қабынуды тиімді басатынын және тері тіндерінің қалпына келуін ынталандыратынын дәлелдейді. Оның биосәйкестігі мен қауіпсіздігі бұл материалды жара таңуға арналған перспективалы биоматериал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Жүргізілген *in vivo* зерттеу зығыр сабағынан алынған целлюлоза, хитозан, натрий альгинаты және куркумин негізінде синтезделген биопласттың жара жазу процесіне айтарлықтай оң әсер ететінін көрсетті. Алынған нәтижелер халықаралық әдебиеттерде сипатталған биополимерлік жара таңғыштарының биологиялық әсерімен үйлеседі. Мысалы, куркуминнің қабынуға қарсы және антибактериалды белсенділігі бұрыннан белгілі: ол NF-κB белсенділігін төмендетіп, қабыну медиаторларының экспрессиясын басады, соның нәтижесінде жарадағы қабыну процесі анағұрлым тез басылады (Hewlings & Kalman, 2017). Біздің зерттеуде 3-күннен бастап қызарудың бәсеңдеуі дәл осы механизммен түсіндіріледі.

Хитозанның жара жазуға әсері де көптеген ғылыми еңбектерде дәлелденген. Rajalakshmi et.al. (2020) хитозан негізіндегі гидрогельдердің фибробласттардың көбеюін жеделдететінін, коллаген түзілуін ынталандыратынын және бактериялардың өсімін тежейтінін анықтаған. Біздің FCSA-C3 үлгісіндегі эпителизацияның 5-күні басталуы осы тұжырыммен сәйкес келеді. Хитозанның амин топтары жара бетінде оң зарядталған орта қалыптастырып, тері жасушаларының адгезиясын жақсартатыны да белгілі (Dai et al., 2011). Бұл біздің экспериментте жаңа тері қабатының жылдам түзілуіне ықпал еткен факторлардың бірі болуы мүмкін.

Натрий альгинаты жара бетінде ылғалды орта ұстап тұру қабілетімен ерекшеленеді, бұл грануляция мен эпителизацияны жеделдететін маңызды шарт болып саналады. Thomas (2000) альгинат негізіндегі таңғыштардың экссудатты оңтайлы деңгейде сіңіріп, сонымен қатар жара бетін ылғал күйде ұстайтынын атап өтеді. Біздің нәтижелерде ылғалдың жоғалмауы және тіндердің тез қалпына келуі дәл осы қасиетпен байланысты. Сонымен қатар, целлюлозаның жоғары биосәйкестігі материалдың жергілікті тітіркену тудырмауына және иммундық реакцияның минималды болуына мүмкіндік берді. Бұл қасиет целлюлозалық биоматериалдар туралы соңғы зерттеулермен үйлеседі, онда олардың биоинерттілігі мен тері жасушаларымен жоғары үйлесімділігі атап өтіледі (Klemm et al., 2018).

Жара жазылуының 7-күні FCSA-C3 үлгісі қолданылған жануарларда тіндердің қалпына келуі бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жақсы болғаны байқалды. Бұл табиғи полимерлердің синергиялық әсерін көрсетеді. Куркумин қабынуды тежейді, хитозан антимикробтық қорғаныс береді және жасушалық регенерацияны ынталандырады, ал альгинат жара бетінде оңтайлы ылғалдылық сақтайды. Мұндай кешенді әсер әлемдік зерттеулердегі биополимерлік таңғыштардың тиімділігіне толық сәйкес келеді (Boateng et al., 2015).

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер зығыр целлюлозасы мен биополимерлерге негізделген биопластты биомедицинада жара таңуға арналған перспективалы материал ретінде қарастыруға болатынын айқын көрсетті. Оның биосәйкестігі, қабынуды басу қабілеті және регенерациялық процестерді жеделдетуі әдебиеттерде келтірілген деректерді толық растайды.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу жұмысы барысында зығыр сияқты ауылшаруашылық қалдықтарынан алынған целлюлозаның хитозанмен бірігіп, әртүрлі пластификаторлар мен табиғи биоактивті қоспалар арқылы биопластик материалы ретінде қолдануға болатындығы дәлелденді. Целлюлозаны сілтілік өңдеу, қышқылмен тазарту және ағарту кезеңдері арқылы тазарту нәтижесінде жоғары сапалы биополимер алынды.

Алынған биопласт үлгілерінің физикалық-химиялық қасиеттері олардың су сіңіру қабілеті мен құрылымдық тұрақтылығын көрсетті. Әсіресе куркума (куркумин) қосылған үлгілердің ісіну дәрежесі жоғары болып, олардың ылғал ұстау қабілетінің жақсы екенін көрсетті. Бұл жара таңуға арналған биоматериалдар үшін өте маңызды фактор болып табылады.

Сонымен қатар, *in vivo* тәжірибе нәтижелері бойынша, зығыр целлюлозасы негізіндегі биопласт үлгілері терінің қайта қалпына келуін жылдамдатып, қабыну белгілерін төмендетті. Куркуминнің табиғи антибактериалды және қабынуға қарсы қасиеттері бұл процесте маңызды рөл атқарды. Осылайша, хитозан мен целлюлоза негізіндегі биопластиктерді медицинада, әсіресе жара тану материалдары ретінде қолдануға болатыны анықталды.

Жалпы, бұл зерттеу биосәйкестік, экологиялық қауіпсіздік және тиімді терапевтік әсер тұрғысынан болашағы зор биоматериалдарды дамытуға жол ашады.

#### Әдебиеттер

Abdul Khalil H.P.S., Bhat A.H., & Ireana Yusra A.F. (2012). Green composites from sustainable cellulose nanofibrils: A review. *Carbohydrate Polymers*. — 87(2). — P. 963–979. (in Eng.)

Ahmed S., Ikram S., & Yudha S.S. (2015). Chitosan based scaffolds and their applications in wound healing. *Achievements in the Life Sciences*. — 9(1). — P. 27–37. (in Eng.)

Avérous L., & Pollet E. (2012). *Environmental Silicate Nano-Biocomposites*. Green Energy and Technology, Springer. (in Eng.)

Boateng J.S., Matthews K.H., Stevens H.N. & Eccleston G.M. (2015). Wound healing dressings and drug delivery systems: A review. *Journal of Pharmaceutical Sciences*. — 104(4). — 1023–1038. <https://doi.org/10.1002/jps.24289> (in Eng.)

Dai T., Tanaka M., Huang Y. & Hamblin M. R. (2011). Chitosan preparations for wounds and burns: Antimicrobial and wound-healing effects. *Expert Review of Anti-infective Therapy*. — 9(7). — P. 857–879. <https://doi.org/10.1586/eri.11.59> (in Eng.)

Dutta P.K., Dutta J. & Tripathi V.S. (2004). Chitin and chitosan: Chemistry, properties and applications. *Journal of Scientific and Industrial Research*. — 63(1). — P. 20–31. (in Eng.)

Geyer R., Jambeck J.R. & Law K.L. (2017). Production, use, and fate of all plastics ever made. *Science Advances*. — 3(7). e1700782. <https://doi.org/10.1126/sciadv.1700782> (in Eng.)

Ghanbarzadeh B., Almasi H. & Entezami A.A. (2015). Physical properties of edible modified starch-chitosan blend films. *Innovative Food Science & Emerging Technologies*. — 11(4). — P. 697–702. (in Eng.)

Hewlings S.J. & Kalman D.S. (2017). Curcumin: A review of its effects on human health. *Foods*. — 6(10), — P. 92. <https://doi.org/10.3390/foods6100092> (in Eng.)

Klemm D., Cranston E.D., Fischer D., Gama M., Kedziora P., Kralisch D., ... & Wågberg L. (2018). Nanocellulose as a natural source for advanced biomaterials. *Materials Today*. — 21(7), — P. 720–748. <https://doi.org/10.1016/j.mattod.2018.02.001> (in Eng.)

Kumar A., & Han S.S. (2019). Synthesis and biomedical applications of self-healing hydrogels. *Reactive and Functional Polymers*. — 145, 104370. (in Eng.)

Li Y., Maciel D., Rodrigues J., Shi X. & Tomás H. (2018). Biodegradable polymer nanogels for drug/nucleic acid delivery. *Chemical Reviews*. — 115(16). — 8564–8608. (in Eng.)

Rajalakshmi R., Banu R. & Krishnaveni N. (2020). Chitosan-based hydrogel and its applications in wound healing. *Journal of Drug Delivery Science and Technology*. — 56, 101581. <https://doi.org/10.1016/j.jddst.2020.101581> (in Eng.)

Reshmy R., Madhavan A., Sherin C.V., et al. (2015). Extraction and characterization of cellulose nanofibers from agro-industrial residues. *Industrial Crops and Products*, — 72. — P. 46–54. (in Eng.)

Rinaudo M. (2006). Chitin and chitosan: Properties and applications. *Progress in Polymer Science*. — 31(7). — P. 603–632. (in Eng.)

Thomas S. (2000). Alginate dressings in wound management. *World Wide Wounds*. — P. 1–10. (in Eng.)

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.12.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 4.